

Абай облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 шілдедегі № 5/35-VIII "Абай облысында ортақ су пайдалану ережелерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 16/116-VIII шешімі.
Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 19 /134-VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы мәслихатының 26.09.2024 № 19 /134-VIII шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Абай облысы мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы мәслихатының "Абай облысында ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы" 2023 жылғы 28 шілдедегі № 5/35-VIII шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Абай облысының жалпы су пайдалану қағидаларының № 1 қосымшасындағы Бородулиха ауданы бөлімінде № 14 жол алынып тасталсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Абай облысының жалпы су пайдалану қағидаларының № 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігінің Абай облысы бойынша
экология департаментінің басшысы

_____ С. Сарбасов
19 маусым 2024 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
комитетінің Абай облысы бойынша

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
департаментінің басшысы

_____ Н. Ноғайбаев
19 маусым 2024 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрлігі Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекцияның басшысы
_____ М. Жәдігерұлы
19 маусым 2024 жыл

Абай облысы мәслихатының
2024 жылғы 28 маусымдағы
№ 16/116-VIII шешімімен
бекітілген
Абай облысында
ортақ су пайдалану ережелерінің
2-қосымшасы

Абай облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлер

Р/с №	Су объектісінің атауы	Ауылдық округ, жақын орналасқан елді мекен, аудан (координаттары)	Ескертпе
Семей қаласы			
1	Ертіс өзені	Понтон көпірінің сол жағалауы, Мелькомбинат ауданы (50°383777,80°254869)	жағажайлар мен акваториялар учаскелерінің (белдеулерінің)
2		Пристань ауданы (50°425027,80°218422)	шекарасынан 50 метрден кем емес
Бесқарағай ауданы			
3	"Шошқалы" көлі	Қарабас ауылдық округі (51.28049,78.69898)	жағажайлар мен акваториялар учаскелерінің (белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Бородулиха ауданы			
4	Шүлбі су қоймасы	Жерновка ауылдық округі	

		(50°38'55"04С; 81°12'01"34В)	жағажайлар мен акваториялар (учаскелерінің белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
5	Жерновские көлдері	Жерновка ауылдық округі, аудан орталығы Бородулиха ауылынан 35 км таспалы реликті бордың тереңдігінде орналасқан (50.49281, 81.10660)	
6	Михайловские көлдері	Подборный ауылдық округі, Семей қаласынан 40 км қашықтықта орналасқан. "Семей Орманы" мемлекеттік орман табиғи резерватының аумағында (50.66471, 80.67570)	
7	Большое көлі	Бородулиха ауылы (50076'50.73"С; 80094'58.92"В)	
Жарма ауданы			
8	Арасан көлі	Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылынан 12 км солтүстік-шығысқа қарай (49.26444,81.74206)	жағажайлар мен акваториялар (учаскелерінің белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Мақаншы ауданы			
9	Алакөл көлі	Қабанбай ауылы (46°07'28.03"С; 82°03'25.23"В) (46°06'87.93"С; 82°03'39.65"В)	жағажайлар мен акваториялар (учаскелерінің белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
Курчатов қаласы			
10	Ертіс өзені	Маяк қонақ үйі ауданында (50.759306,78.547800)	жағажайлар мен акваториялар (учаскелерінің белдеулерінің) шекарасынан 50 метрден кем емес
11		№ 2 ЖОББМ, № 1 ЖОББМ ауданында (50.750946, 78.557102)	
12		Саяжай алабы ауданында (50.721729, 78.649879)	

